



КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ



№9 5 маусым 2020 жыл

КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ



«GLOBUS» Республикалық білім орталығының ұйымдастыруымен өткен мектеп оқушыларымен мен студенттердің Республикалық пән олимпиадасында I орынға ие болғаны үшін колледждің 1 курс студенттері Жекен А., Абдыхаева Қ., Сағын Ұ., Нұрғабұл А., Еркін И., Жолдықұлова А., Тұрғанғали А. Дипломмен марапатталды. Жетекшісі оқытушы К.К. Сарыбаева Грамотамен марапатталды.



«Феникс» халықаралық орталығының ұйымдастыруымен «Орыс тілі» пәнінен өткен олимпиадада жоғары көрсеткіштері үшін «Мейіргер ісі» бөлімінің 104 топ студенті Жекенова А. I дәрежелі Дипломмен марапатталды. Жетекшісі оқытушы Л.К. Мейрманова.



«Халықаралық ғылыми педагогикалық білімді дамыту академиясының» ұйымдастыруымен өткен дүниежүзі тарихы пәнінен халықаралық олимпиадада «Мейіргер ісі» бөлімінің 107 топ студенттері Жалғасбаева Ж., Тенгебай Р., Рябинова Н. жеңімпаз атанып, I дәрежелі Дипломмен марапатталды. Жетекшісі оқытушы Ш.Т. Маманова.



«Шерхантану» ғылыми – зерттеу орталығының ұйымдастыруымен ҚР Халық жазушысы, қоғам қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Шерхан Мұртазаның «Бір кем дүние» философиялық шығармасынан үзінді оқу Республикалық онлайн байқауына қатысқаны және белсенділік танытқаны үшін «Мейіргер ісі» мамандығы 207 топ студенті Отарғали А. Сертификатпен марапатталды. Жетекшілері оқытушылар Л.К.Мейрманова, Д.Е. Амантаев.



«Со́ва» халықаралық зияткерлік білім орталығының ұйымдастыруымен өткен II Халықаралық қашықтық олимпиадасына биология пәні бойынша «Мейіргер ісі» бөлімінің 408 топ студенті Кертәева Ә. қатысып, I-орынды иеленіп, Дипломмен марапатталды. Жетекшісі оқытушы А.Т. Көбегенова.



Халықаралық ғылыми педагогикалық білімді дамыту академиясының ұйымдастыруымен өткен «Дүние жүзі тарихы» пәнінен «Мейіргер ісі» мамандығының 107 топ студенттері Мырзақұл А., Кертәева Ә., Булатова С. жеңімпаз атанып I дәрежелі Дипломдармен марапатталады. Жетекшісі оқытушы Ш.Т.Маманова.



Білім және ғылым министрлігінің ұйымдастыруымен ҚР мектептері мен колледждерінің арасында on-line Чемпионатында «За патриотизми духовность» және «Выбор пользователей» номинацияларының жеңімпазы «Мейіргер ісі» 3 курс студенті Әбдіғалым Ж. Грамотамен марапатталды. Жетекшісі №1 Жалпы білім беру және жаратылыстану ғылыми пәндері ЦӘК оқытушысы А.К. Құдайбергенова «Мир волонтерства #Біз біргеміз» on-line Чемпионатына студентті дайындағаны үшін Алғыс хатқа ие болды.



«Жас ғалым» атты XIII Республикалық оқушылар мен студенттердің ғылыми жұмыстары сайысында 212 топ студенті Вердиева Р. II-ші орын алғаны үшін Дипломмен марапатталды. Ғылыми жетекшісі оқытушы Н.Б.Бердіш студенті жоғары жетістікке қол жетізіп, жүлдегер атанғаны үшін Дипломмен марапатталды.



«Конференциялар балалар мен жасөспірімдер психологиясы: теориясы мен тәжірбиесі» атты ғылыми-тәжірбиелік конференцияға қатысып, жүлделі орын иегері атанғаны үшін 1 курс студенттері Усенова А., Амантаева Ф., 2 курс студенті Таңсықбаева Ұ., I дәрежелі Дипломмен марапатталды. Жетекшісі оқытушы А.Н.Оскенбаева Алғыс хатпен марапатталды.



БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

4 маусым - ҚР Мемлекеттік рәміздер күні 1

Жас мамандар мектебі 2

Қорытынды ғылыми - тәжірибелік конференциясы 3

12 - мамыр - Халықаралық мейіргерлер күні 4

Ата - аналар жиналысы 5

Біз біргеміз! 6

Виртуалды экскурсия 7

Қашықтықтағы іс - шаралар 8

Құттықтаймыз! 9

Біздің мекен жайымыз: Тараз қаласы, Ниятқалиев көшесі №20, Жамбыл жоғары медициналық колледжі. Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.

Колледж сайты: <http://mc.zhambyl.kz>

Колледж әлеуметтік желілері: <https://www.facebook.com/pzhmk> https://www.instagram.com/zhm_k_zhambyl.kz



4 маусым - ҚР Мемлекеттік рәміздер күні

1

04.05.2020 ж. Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен 4 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күніне орай, сағат 10:00 де колледжде Мемлекеттік Гимн орындады.

28.05.2020 ж. «Емдеу ісі» бөлімі 319 топпен онлайн режимінде 4 маусым Қ.Р. Мемлекеттік Рәміздер күніне орай «Еліміздің рәміздерін қастерлейік» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: ҚР Мемлекеттік рәміздерін жан-жақты түсіндіру арқылы студенттердің бойында патриоттық сезімді қалыптастыру. Жауапты оқытушы Ж.Н. Айдабосынова.

27.05.2020 ж. Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен колледж студенттері арасында «Рәміздерім мақтанышым» тақырыбында қашықтықтан сурет байқауы өткізілді.

26.05.2020 ж. Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен «Мемлекеттік рәміздер – ел мәртебесі» тақырыбында қашықтықтан танымдық сағаты өткізілді. Жауапты: оқытушы Б.А. Қырықбаева.

04.06.2020 ж. Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен 4 маусым – Рәміздер күніне орай, «Рәміздер ел – беделі» тақырыбында білімділер сайысын өткізді.

Жас мамандар мектебі

2

05.06.2020 ж. Жас мамандармен on-line тәртібінде «Ұлағатты ұстаздардан үлгі аламыз!» атты қорытынды есеп беру кеші өтті. Мақсаты: Жас оқытушылардың біліктілігін, жан-жақты өсу деңгейін байқау, оларды іскерлікке, мәдениеттілікке, өз кәсібіне үлкен жауапкершілікпен қарауға бар күш жігерін жұмсауға баулу және белсенділігін арттыру және жас мамандар мектебінің жылдық жұмыс қорытындысын шығару

Кеш III-бөлімнен тұрды: I.1. «Озат тәжірибе-ортақ іс» II.Жоғары топқа өтетін оқытушылардың есебі. (6 оқытушы) III. Жас мамандармен 2019-2020 оқу жылында атқарылған жұмыстар қорытындысы. Күн тәртібінде: I. 1. «Мейіргер ісі негіздері пәнін оқытудағы тиімді әдіс-тәсілдері». Жауапты: Мукажанова Р.Ж. I. 2. «Менің сүйікті ұстазым» химия пәні оқытушысы А.С. Ташмағанбетованың іс- тәжірибесінен : «Органикалық химияға шолу» II. Жас мамандардың жұмыс қорытындылау: «Ұлағатты ұстаздан үлгі аламыз!!!» 2.1.«Мен не үйрендім»-жас оқытушылардың жыл бойы жүргізілген жұмыстары бойынша есебі. 2.3.«Мен маман ретінде қалыптасуымда қандай проблемаларға кезіктім және оны қалай шештім». 2.4. «Менің кәсіби өсуімдегі тәлімгер көмегі » жас мамандардың пікірі. Ой бөлісу. III. Жас мамандармен 2019-2020 оқу жылында атқарылған жұмыстар қорытындысы. 3.1. Жас оқытушының кәсіби өсу деңгейін анықтау мақсатында диагностика жүргізу.

Жас мамандар кешін колледж әдіскері Л.К.Батаева жүргізді. Өз іс –тәжірибелерімен Р.Ж. Мукажанова, А.С.Ташмағанбетовалар бөлісті. Колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова жас мамандарға сәттілік тілеп, тәлімгерлер мен өз тәжірибесімен бөліскен оқытушыларға Алғыс хат, қорытынды есеп беру кешінде мәнді шығармашылық жұмыс көрсеткені үшін 6 жас оқытушы Мақтау қағазымен марапатталды. Жас мамандар кеші жоғары деңгейде өтті.

Қорытынды ғылыми - тәжірибелік конференциясы

3

27.05.2020 ж. Колледждің үйірме жұмыстары бойынша «Тұрғындардың денсаулығын сақтау- қоғамдық денсаулықты нығайтудың негізі» тақырыбында қорытынды ғылыми –тәжірибелік конференциясы қашықтықтан мараполис платформасында өтті. Алғы сөз колледж директоры Ж.Н. Сарыбековаға берілді. Сарыбекова Жамиля Нурғалиевна Дүниежүзінде болып жатқан Covid-19 пандемиясына байланысты барлық оқу орнындары қашықтықтан жұмыс жасап, жаңа форматта өтіп жатқанын айта отырып, конференцияға қатысушыларға сәттілік жолдап, конференцияны ашып берді. Пәндер бойынша 18 үйірме қатысты. Үйірме мүшелері дайындаған экспонаттарын,зерттеу жұмыстарын, қолданған әдістерін шеберлікпен мәлімдеме жасап, қорғап шықты. Конференцияға үйірме жетекшілері мен үйірме мүшелері үлкен дайындықпен келіп, зерттеу жобалары өзекті мәселелерді қамтыған. Сараптама комиссиясының қорытындысы бойынша үздік зерттеу жұмыстары дипломдармен марапатталды. I дәрежелі диплом – «Адал жандар» үйірме мүшесі Рахметова У. 320 топ, «Емдеу ісі» бөлімі жетекшісі А.К. Байбулекова II дәрежелі диплом – «Инфекционист» үйірме мүшесі Әлімхан І. 302 топ, «Мейіргер ісі» бөлімі, жетекшісі М.Қ. Жасұзақ II дәрежелі диплом – «Скальпель» үйірме мүшесі Куат А. 407 топ, «Мейіргер ісі» бөлімі, жетекшісі А.М. Даулетов III дәрежелі диплом – «Аялы алақан» үйірме мүшесі Кертаева А. 408 топ, «Мейіргер ісі» бөлімі, жетекшісі Р.У. Джантасова III дәрежелі диплом – «Нозология» үйірме мүшесі Уәзханова А. 312 топ, «Емдеу ісі» бөлімі, жетекшісі Р.С. Молдакулов III дәрежелі диплом – «Рефлекс» үйірме мүшесі Вердиева Р. 212 топ, «Емдеу ісі» бөлімі, жетекшісі Р.С. Молдакулов «Флора» жетекшісі Р.Т. Нурбаева, «Шипагер» жетекшісі А. К. Серкебаева, «Авиценна» жетекшісі А.А. Бопеева, «Алтын құрсақ» жетекшісі Ж.С. Жарасова, «Жас химик» жетекшісі Г.С. Уткельбаева, «Эврика» жетекшісі Д.Н. Тоқсанбаева, «Микробтар әлемі» жетекшісі Қасымов Н.А. үйірмелері мақтау қағазымен марапатталды. «Алтын стетоскоп» жетекшісі .А. Зиябекова, «Занимательная грамматика» жетекшісі Э.Б.Бердалиева, «Издануші биолог» жетекшісі Кобегенова А.Т., ««English in action» жетекшісі Тойланбаева К. үйірмелері алғыс хаттармен марапатталды.

12 - мамыр - Халықаралық мейіргерлер күні

4

12.05.2020 ж. Колледждің Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен 12 – мамыр Халықаралық мейіргерлер күніне орай «Мейіргерлер мейірімді жандар» тақырыбында онлайн құттықтау тәрбие сағаты өтті. 84 жыл тарихы бар Жамбыл жоғары медициналық колледжі орта буын медицина қызметкерлерін дайындау жолында еңбек етуде. Биыл мейіргер ісін қалаған, қоғамға зор үлесін қосқан Флорен Найтингельдің туылғанына 200 жыл толады. Осыған орай, дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы 2020 жылды Халықаралық мейіргерлер жылы деп жариялады. Құрметті де, аяулы, мейірімді мейіргерлер! Сіздерді мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтай отырып, мықты денсаулық, отбасыларыңызға береке, амандық, шипалы қолдарыңызға еңбектеріңіздің жемісін тілейміз.

Ата-аналар жиналысы

5

15.05.2020 ж. Колледжде «Қашықтықтан оқыту мен жазғы демалыс уақытында студенттердің бос уақытын тиімді пайдалану және құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысындағы ата-ана рөлі» тақырыбында ата-аналармен онлайн жиналыс өтті. Жиналысқа ПД ЖПҚБ ЮПБ ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы, полиция полковнигі Қ.Қ. Жақсылықұлы шақырылып, ата-аналарға балаларының телефондарын, қандай сайтта отыратындарын қадағалап, назарларында ұстау туралы айтты. Колледж психологі Ә.Н.Оскенбаева бала тәрбиесі жайында ата-аналармен тренинг өткізсе, кәсіби бағдар беру мен жұмыспен қамту маманы Л.А.Артықова қабылдау комиссиясының жұмыс барысы туралы мәлімет берді. Колледж ата-аналары сөз алып, колледждің әкімшілігіне, оқытушыларына осынау қиын кезеңде шаршамай қашықтықтан білім мен қоса тәрбие жұмыстарын жүргізіп, жұмыс жасап отырғандары үшін алғыстарын айтты.